



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№26 (8061) 24. 06. 2023.
Сенбі / Суббота

Медицина саласы – адамгершіліктің асылы

Ең бай мемлекет қандай десек, бірден ойымызға қазба байлықтары мол, табиғаты ерекше, зәулім ғимараттары көп, болмаса халық саны бойынша алдыңғы қатарда тұрған елді сөз етеміз. Бірақ, ел байлығы – тұрғындарының денінің саулығымен бағаланады емес пе?!



«Ұлт саулығы – басты байлығымыз. Мемлекет денсаулық сақтау саласына әрдайым ерекше назар аударып, дәрігерлерге үнемі қолдау көрсетеді», - дейді Президентіміз Қ.Тоқаев. Сондай-ақ мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы –

оның толыққанды ел екендігінің де көрсеткіші.

Елімізде маусымның әр үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлері күні ретінде аталып өтуде. Осы тұста аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужановтың қатысуымен «Гиппократ антын» өзінің өмірлік кредосы ретінде

қабылдап, қоғамның басты байлығы саналатын адам өмірінің сақшысы бола білген ақ халатты абзал жандарды ерен еңбегі мен атқарған істері үшін алғыс білдіріп, құрметке бөледі.

Мереке қарсаңында денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне аудан әкімі А.Абдиновтың Алғыс хаты мен Құрмет грамотасы табысталды. Айта кетсек, күні кеше Талдықорған қаласында өткен Жетісу облысы әкімінің салтанатты қабылдауында Бұлақты дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Тұмабаева Гүлбаршын Майлыбайқызы облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар медицина қызметкерлері күніне орай облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген байқауда Алақөл ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы Сайболатова Назира Абылайқызы «Санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың үздік маманы» номинациясын жеңіп алып, 500 000 теңге қаржылай сыйлыққа ие болды.

Салтанатты қабылдау соңында аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов медицина саласының майталмандарына ақ жарма тілегін білдіріп, жұмыстарына сәттілік тілеп, төл мерекелерімен құттықтады.

Ж.КУМПЕИСОВА.



Жеке қабылдау

Халықтың әл-ауқатын ұдайы қадағалау, жеке мәселелерді шешу, туындаған сұраныс пен ұсынысқа құлақ тұру, сондай-ақ билік пен қарапайым халықтың арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында өңір басшысы тұрғындармен жиі кездеседі.

Осы тұста жуырда аудан әкімі А.Абдинов алақөндіктердің жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді. Жиынға келген тұрғындардың басты әрі өзекті мәселесі – баспана. Ауыл азаматтары кезектерін күтіп, жылы үйлі болып қалармыз деген үмітте. Бұл сұрақ бойынша өңір басшысы 60 пәтерлі үш үйдің құрылысын бастағаны жөнінде және мердігерлердің жұмысының аяқталуын асыға күтудеміз дейді. Алдағы уақытта құрылыс аяқтала салысымен кезек бойынша тұрғындарға баспана кілтін табыстап, қолданысқа беруді жоспарлап отырғандығын тілге тиек етті. Сонымен қатар тұрғындар орталық жылу жүйесін орнату, көшелерге асфальт төсеу, жер мәселесі бойынша сұрақтарды ортаға салды.

Аудан әкімі А.Абдинов жеке қабылдауға келген азаматтардың сауалдарына қажетті жауаптар қайтарды. Көтерілген мәселелерді тиісті мамандарға тапсырды.

Ж.СЕРІКҚАНҚЫЗЫ.



Бейбіт күннің батырлары

Апат айтып келмейді. Елді дүрліктірген өрт Абай облысы, Семей резерватындағы орманның 60 мың гектар жерін жалмады.

Өрт сөндіруге ТЖМ, Орман шаруашылығы комитетінен, жергілікті атқарушы органдардан және қорғаныс министрлігінен 1800-ге жуық адам, 350-ден астам техника жұмылдырылды. Бұл алапат өртті ауыздықтау үшін Жетісу облысының төтенше жағдайлар қызметкерлері де барып, қолғабыс етті. Облыстан 32 қызметкер мен 8 техника тілсіз жаумен күресуге барды.

Бүгінде 7 тәуліктен кейін өрт толығымен тоқтап, сөнді. Жетісу облысының қызмет-

керлері тұрғылықты жеріне қайтты. Осыған орай, өрт сөндірушілерді қарсы алу мақсатында Жетісу облысының шекарасы саналатын Алақөл ауданында, Қабанбай батыр ескерткішінің алдында ТЖМ қызметкерлерін күтіп алу рәсімі өтті. Шара барысында Жетісу облысы Төтенше жағдай департаменті басшысының орынбасары, азаматты қорғау полковнигі Қ.Алтынбеков қызметкерлерге алғыс айтып, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, Жанама ауылдық округінің Құрметті азаматы Т.Кенжебеков ақсақал ақ жол тілеп, батасын берді.

А.ӘБИТҰЛЫ.

Қош бол, мектебім...

Бүгін ауданымызда мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру рәсімдері өтті. Ақыл, қайрат, ілімді зерделеріне тоқып, он бір жыл бойы білім нәрімен сусындап, оқу шаңырақтарынан тағы да бір жас толқын үлкен

өмірге қанат қақты.

Осындай шаралардың бірі Ұшарал қазақ гимназиясында ұйымдастырылды.

Ұшарал қазақ гимназиясын 25 түлек аяқтап, 2 «Алтын белгі», 1 «Үздік аттестат» табысталды.

«Қош бол, ұстазым, алтын ұя мектебім!» атты мектеп бітіру кешінде аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов сөз алып, барша түлектерге алдағы өмірлеріне ақ жол тіледі. ҰБТ-ден

сүрінбей өтетіндеріне сенім білдірді. Сондай-ақ, аталған білім ордасының директоры Ғ.Хасенова мен 11 «А» сынып жетекшісі Т.Қанапиянова және жас түлектердің ата-аналары атынан Т.Куисов ізгі-тілектерін жеткізіп, білікті маман атануларына тілек білдірді.

Салтанатты жиын түлектердің соңғы мектеп вальсі мен ән шашуымен жалғасты.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Ел өркендеуінің берік негізі — жүйелі реформа

Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты. Соған сәйкес, қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеруде. Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сынқатер пайда болып жатқан кезде бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет.

«Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмдей жұмылып жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана біз мақсатымызға жете аламыз», - деген Президент сөзі алдағы уақыт талабының қаншалықты жауапты екенін айқындап берді. Бұл ретте әрбір сала қызметкерлері осы жауапкершілікті сезіне алуы қажет. Мәдениет саласының қызметкері ретінде мен де тың бастамаларға әрдайым қолдау білдіріп, тапсырманың орындалуына өзіндік үлесімді қосамын.

Г.СҮЙЕУБАЕВА,
Алакөл аудандық кітапханасының директоры.

Мемлекеттік қызметтің маңыздылығы

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде мемлекет басшысының саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Қазіргі таңда заман талабына сай аталмыш жүйені жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда. Шынында да, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі. Осының негізінде азаматтар мемлекеттің қызметіне толықтай тәуелді, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау. Қазір мемлекеттік қызметтің қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет елдер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

Қ.ОНГАРБАЕВА,
Бескөл ауылдық округі әкімі аппаратының заңгер-бас маманы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Үкіметінің мәжілісінде халықтың әл-ауқатын арттыру жұмыстарын тапсырғаны баршаға белгілі, осы жиында «Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары» деп айтып өтті. Одан әрі қарай негізгі басымдықтарын айқындай отырып, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап кетті. Осы мақсатқа жету үшін 5 негізгі бағыт айтылды.

2022 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 42500 теңгеден 60 000 теңгеге дейін көбейту туралы шешімімен қатар, соңғы 10 жылда кәсіпорын иелерінің табысынан 60% артта қалып келген еңбекақы қорын көтеру қажеттігін айтты.

Осы орайда Үкіметке жұмысшылардың жалақысын көтеру үшін бизнесті ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды. Ал 2022-2025 жылдарда мәдениет қызметкерлерінің, кітапханашылардың, мұрағатшылардың, техникалық қызметкерлердің, қорықшылардың, көлік жүргізушілердің жалақысын 20%-ға өсіру де негізгі бағыттардың қатарынан табылды.

Қазақстандықтар үшін ең негізгі жаңалық болып табылған ҚР азаматтарының зейнетақы қорындағы жинақ бөлігін алып, «Отбасы банктегі» есепшотқа аударып, сол арқылы азаматтардың баспаналы болуға рұқсат беруі. Бұл қаржыны жинап, сауатты пайдалануға үйретеді.

Бастаманың орындалуы – дамудың басты факторы. Қазір

Ойжайлаудағы ордасы той

Қасабайдай дараны, Шіре анадай дананы, Зейнептей бұлбұлды, Сәкендей дүлдүлді дүниеге әкелген Алакөлдің топырағына қонған кие оның төсінде тіршілік тегершігін жұмыла айналдырған тұрғындарының да бойына дарыған. Қойнауында байлық тұнып, құшағына қазына толған жомарт даламыздан дәм бұйырып, кіндік қаны осында тамған әр тұлғаның жанарында жақұт ойнап, көңілінің көмбесінен жылылық төгіліп тұратыны жасырын емес. Бұл тұмса табиғатынан дархандықты, төкаппар тауларынан даралықты, таза ауасы мен шипалы суынан даналықты бойына сіңірген әр алкөлдтің ізгі қасиеті.

Өткеніміз бен бүгінімізге байлап қарасақ татулығымыздың тұғырын нықтап, қанға сіңген қазақи дағдыларымызды дәріптеп жүрген, дидарынан нұр тамып, жүрегінен жылылық нұры себездеп тұрған жерлестеріміз жетерлік. Ескіден қалған есті әңгімелерге сүйенсек ерекше жомарттығымен танылған Есім төредей текті түлеген өлкенің тумасы Бауыржан Кеңесбекұлы сол атымтай азаматтармыздың көш басында екендігі мәлім.

Алакөлдің атымтай азаматының демеушілігімен Лепсі ауылдық округі, Ойжайлау атшабарында жылдағы дәстүр бойынша ұлттық ат спорты ойындары мен қазақ күресінен дүбірлі дода ұйымдастырылды. «Ер қанаты – ат» демекші, топты көрсе тыпыршып тыныш отыра алмайтын ат сүйер қауым атшабар маңайына көптеп жиналды. Республикамыздың



түкпір-түкпірінен келген тұрқында мін жоқ тұлпарлар да думанның қызығына қызу қоса түскені тағы бар.

Төбеден өтіп, тұла бойды қыздырған күнге қарамастан мерекелі көңіл-күйдегі меймандар желдей жүйіткіген жүйріктер бәсекесінің әр сәтін де көзден таса қалдырмады. Жасыл желекке оранған жайлау мен таудан соққан самал да көрермендердің тамырын дөп басып, талғамдарынан шықты.

Ашық аспан астындағы айтулы думанның құрметті қонақтары жиналғаннан кейін аудан аумағында өсірілетін асыл тұқымды төрт түлік көрмесі көрсетілді. Етті, сүтті бағыттағы мүйізді ірі-қара, таза қанды жылқылар, қонды қойлар көрермендерді тәнті етті. Әсіресе, екі жастан енді асса да жарты тоннадан ауыр салмақ беріп отырған бұқалар таңғалдырмай

ген ауыл шаруышылығы саласы қызметкерлерін көктемгі қызу тірліктің аяқталуымен құттықтап, дихандар мен шопандардың ісі ілігерілей түскенін тілге тиек етті. Ауданның даму процесін еселеп отырған аталмыш салада да көптеген тың өзгерістер орын алып, қарымды қадамдар басылғанын жеткізді.

Талай жылғы тыңғылықты ісімен ерекшеленген, көрген-білгені көл-көсір, айтары мол ақсақалдар шарапаты мол батасын бергеннен кейін, ауыздығымен алысып, жер тарпыған тұлпарлардың жүгені бос қойылды.

Алғашқы болып сөре сызығынан топ бәйгенің жүйріктері өтті. Бірі әлі мектеп табалдырығын аттамаса, екіншілері енді



қоймады.

Уағдалы уақытында қоңыр үнімен дала төсін күмбірлеткен жүргізушілер сахна төрінен дулы думанның басталатынынан хабардар етті.

Сөз алған Жетісу облысы әкімінің орынбасары Ә.Жақанбаев егісі кең, өрісі байтақ өңіріміздің өсу нәмі өркендеу жолында талмай еңбектеніп жүр-

ген ауыл шаруышылығы саласы қызметкерлерін көктемгі қызу тірліктің аяқталуымен құттықтап, дихандар мен шопандардың ісі ілігерілей түскенін тілге тиек етті. Ауданның даму процесін еселеп отырған аталмыш салада да көптеген тың өзгерістер орын алып, қарымды қадамдар басылғанын жеткізді.

Талай жылғы тыңғылықты ісімен ерекшеленген, көрген-білгені көл-көсір, айтары мол ақсақалдар шарапаты мол батасын бергеннен кейін, ауыздығымен алысып, жер тарпыған тұлпарлардың жүгені бос қойылды.

Алғашқы болып сөре сызығынан топ бәйгенің жүйріктері өтті. Бірі әлі мектеп табалдырығын аттамаса, екіншілері енді

ғана сегіз-тоғыз жасты еңсерген шабандоздардың отырысы мығым, шабысы мәнерлі. Қатарласа тізгін қағып, жүйріктерінің жүгенін бір босатып, бір тарқан олардың мақсаты бәйге басынан көріну ғана.

Доданың келесі дүбірі жорға бәйгеге беріліп, өмілдірігін үзердей алқынып, ауыздықтарын күрс-күрс шайнаған жүйріктер

жүгендерін босата сала алға жүйіткі жөнелді. Ырсылдаған жылқылардың танауынан өткен әр жұтым ауа мен шабандоздардың жүрек қағысы қатар естілуде. Алқалы топ алқына күткен аламан бәйге де жиналғандарды бір серпілтіп тастады.

«Күш атасын танымас» демекші белдескеннің белін үзіп, тірескеннің тізесін бүгер балуандарымыз «Түйе палуан» атағын сарапқа салып, бап пен бақ таласына түсті. Боз кілемнің шаңын қаққан сайыпқырандар айналаны қиқуға толтырып, күнделікті күйбең тірліктен мезі болған көрермендерді бір серпілтті. Алыптар айқасқа түскен бәсекенің байламы байламы бойынша жыландылық Айбек есімді балуан талай боз кілем шеберлерінен басым түсіп, 3 млн. қаражатты иеленді.

Ат сүйер қауымның құрметіне ақшаңқан күйіз үйлер тігіліп, ақ дастархан жайылды. Ошақ басында әпкелеріміз қазан-қазан ет асып, төл сусындарымыз судай төгілді. Әр қазақ үйдің ішінде дуалы ауыз ақсақалдарымыз ақ батасын беріп, тірлігіміздің құтты, бірлігіміздің мықты болуы тіленді. Осылайша тәулік бойына созылған дүбірлі думан да мәресіне жетіп, жиналғандар жайдары кейіпте тарасты. Өңіріміздің мерейін еселеп, мәртебесін көтерер сәттеріміз көбейе берсін. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап жүрген ұлы дала елінің ұлағатты ұрпақтары жасасын. Тойымыз тойға ұлассын, ағайын!

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Мерейтой қарсаңында

Жуырда аудандық З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінде «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Ш.Құдайбердіұлының және М.Жұмабаевтың еңбектерін кеңінен насихаттау мақсатында «Тіл – ғұмыр» атты аудандық жас қаламгер байқауы өтті.

Биыл ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор – Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойы. Сондай-ақ алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы – Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толып отыр. Осы орайда ауданымыздың жас қаламгерлері айтулы мерейтой иелеріне арнайы арнау өлеңдерін дайындап, бақ сынасты.



Сайысымызға Алақөл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы А.Хиаг, «Алақөл» аудандық саяси-қоғамдық газетінің бас редакторы А.Есенбеков және қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Н.Абсеитова төрелік етті. Байқауға аудан бойынша іріктеліп шыққан 5 қаламгер қатысты.

Қорытындылай келе, III орынды Лепсі ауылдық округінен Б.Шәкәрімова, II орынды Тоқжайлау ауылдық округінен А.Нұрбек және жүлделі I орынды – Жыланды ауылдық округінен Б.Болатова алды. Сондай-ақ қатысушыларымызға аудан әкімінің марапаты мен ақшалай сертификаттар табыс-талды.

Ж.СЕРІКҚАНҚЫЗЫ.

Сессия отырысы

Жуырда VIII шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының кезектен тыс VI сессия отырысы өтті. Жиынға мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасары, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы және аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Сессияның күн тәртібінде «Алақөл ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» мәселе қаралды. Бұл туралы аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Қ.Жұбаев өз баяндамасын ұсынып, жоғарыда көрсетілген тақырып аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ортаға алынған проблеманың шешу жолдары қарастырылып, аудандық депутаттардың ой-пікірі тыңдалды.

Сондай-ақ сессия отырысынан кейін «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қ.Көкебаевтың және штаб мүшелерінің қатысуымен фракция отырысы өтті. «AMANAT» партиясы Алақөл ауданы бойынша 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының Жол картасындағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы А.Қабаев баяндамасын оқыды.

Ж.КУМПЕИСОВА.

ҮИЖ дегеніміз не?

Үш компонентті интеграцияланған жүйе (ҮИЖ) 2020 жылдан бастап қолданыстағы жүйе болып табылады. Қазіргі уақытта ҮИЖ бірыңғай тізіліміне ҮИЖ 3 моделі енгізілді.

ҮИЖ Бірыңғай тізілімімен Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында танысуға болады. Үш құрамдас-ты интеграцияланған жүйе – деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасынан, қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауға арналған жүйеден, сондай-ақ сауданы басқаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстар орындауды және тауарлардың есепке алынуын автоматтандыру жүйесімен жарақтандырылған жабдықтан немесе интеграцияланған жүйенің барлық үш құрамдасын алмастыратын бағдарламалық-аппараттық кешеннен тұратын интеграцияланған жүйе. Оңайтылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын барлық жеке кәсіпкерлерді ҮИЖ қолдануға және ҮИЖ қолданудың артықшылықтарын пайдалануға шақырамыз.

Алақөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.



Азия төрінде алақөлдіктер

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үшқоңыр ауылында combat ju-jitsu-ден жасөспірімдер ұлдар мен қыздар, жастар мен ересектер арасында Азия чемпионаты жалауын көтерді.

16-18 маусым арасында өткен дүбірлі додада алақөлдiктер де жүлдесiз қайтпады. Қоржынға төрт алтын, екі күміс салған ұшаралдық «Жекпе-жек» командасының спортшылары Қазақстан құрамасының сапында сайысқа түсіп, қарсылас шыдатпады. Шеберлер арасында жарысқа қатысқан Арнұр Нұрланұлы жеңімпаз атанып, Азия чемпионы болды. Айбол Ахметов жастар арасында, яғни +18

жас аралығында сайысқа түсіп, жеңіс тұғырына көтерілді. 16-17 жас аралығында қарсыластарын қоғадай жапырған Қуаныш Жұмабай мен Амина Қамет алтын медаль тақса, Асуар Садырбек екінші орын алды. Ал 14-15 жас аралығында жарыс жолына шыққан Айжан Мұратқызы Азия чемпионы атанса, Айханым Абылай күміс жүлдеге қол жеткізді.

Ұлттық құрама сапында үнемі жарысқа шығатын алақөлдiктер бұл жолды да мықтылығын дәлелдеді. Жекпе-жек мектебінің жоғары деңгейі бұдан әрі де жоғарылай береді деп сенеміз.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Сабантой мерекесі аталып өтті

Жайма шуақ жаздың күні табиғаты көз сүріндірер Лепсі ауылдық округінде татар-башқұрт халқының ұлттық мерекесі – Сабантой аталып өтті.



Сабантой ауданымызда тұрып жатқан түрлі ұлт өкілдерінің басын біріктіретін дәстүрлі мейрамға айналған. Мереке татар халқының көп жылдық дәстүрлерімен таныстырып, ұлт достығын нығайта түсуде. Осылайша еңбек пен достықтың мерекесі бар сән-салтанатымен аталып өтілуде.

Шара барысында аудан әкімі А.Абдинов ынтымағы мен берекесі жарасқан татар халқын бүгінгі айтулы мерекелерімен құттықтай отырып, еліміздің дамуы мен нығаюына сүбелі үлес қосып жүргендерге өз алғыс, құрметін білдірді. Сондай-ақ Жетісу облыстық қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы Р.Усанова, «Лепсі өнімі» цехының директоры Ф.Абузяров пен татар мен башқұрттар қазақстандық конгресінің төрағасы Р.Абдухаликов та мерекемен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Мерекелік шара Татарстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Диля, Булат Нигматулиндер және аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен ұласты.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Стратегия «Казахстан – 2050»

«Пестрое» озеро ждет казахстанских туристов

«Нам необходима «новая волна» предпринимателей, способная взять на себя ответственность за экономический прогресс Казахстана. Ее ядром должны стать бизнесмены, которые без доступа к административным ресурсам, за счет предпринимательских талантов и трудолюбия смогли построить успешное дело. Такие люди есть в каждом регионе. Важно дать им возможность развивать свой бизнес внутри страны и реально помочь им». Это особо подчеркнул Президент страны Касым-Жомарт Токаев, выступая на открытии первой сессии Парламента VIII созыва.



Немало таких инициативных предпринимателей и в сфере бурно развивающегося туристического бизнеса на озере Алаколь, отмечает руководитель районного отдела предпринимательства Даулет Жуандыков. Это, например, современные гостиничные комплексы «Alakol Resort» (Досан Каримов), «Эби Эй» (Зура Молдаханова), «Afrikan» (Вика Африканова); первый в Казахстане экомплекс с замкнутым циклом, двумя бассейнами, собственным паромом и телескопом «Aquamarine resort» (Инна Дорош); Центр семейного отдыха «Пеликан» (супруги Александр и Мария Сагуровы) и многие, многие другие.

Пандемия коронавируса, прокатившаяся по планете, сильно «ударилась» по туристической отрасли, в том числе и в Казахстане. Это наглядно видно на работе зоны отдыха «Алаколь», что расположена на побережье одноименного озера. Если в 2019 году она приняла и обслужила 1 млн. 340 туристов из Казахстана и стран ближнего зарубежья, то в 2020 году этот показатель упал почти вдвое - до 798,5 тыс. человек. Но предприниматели не упали духом, наоборот, привлекли солидные инвестиции в развитие туристической отрасли, что позволило построить еще несколько домов и зон отдыха с европейским сервисом. И это помогло стабилизировать ситуацию. 2021 год - 1 млн. 346 тыс. И рекордный во всех отношениях 2022 год - 1 млн. 468 тыс. туристов!

В минувшем году на побережье Алаколя в поселках Акши и

Коктума работали 292 пансионата, гостиниц, баз и домов отдыха, гостевых домов на 8063 номеров, с суточной вместимостью 24538 человек. Ими было оказано отдыхающим различных услуг на сумму 9 млрд. 428,5 тыс. тенге. Или 112,4 процента к уровню 2022 года.

Только в минувшем году предпринимателям удалось ввести в строй действующих 11 новых объектов туристической инфраструктуры с суммой инвестиций



в 3,115 млрд. тенге. Создано 75 рабочих мест. Среди них такие крупные базы отдыха, как «Арман Су», «Бастау» и «Комфорт», а также нынешний современный комплекс «MAGIK AQUA RESORT». На 2022 – 2025 годы запланированы строительство и сдача в эксплуатацию крупнейшей в регионе зоны отдыха «Феникс» (10 млрд. тенге).

Строят и нынче. К открытию туристического сезона-2023 и в его течение будут введены в строй действующих 14 объектов в зоне отдыха «Алаколь». Сумма привлеченных инвестиций

составит 3,62 млрд. тенге, работу получат 102 алакольца. Это расширение зоны отдыха «Комфорт» на 360 мест (910 млн. тенге), зона отдыха «Апорт» на 350 мест (600 млн. тенге), детский оздоровительный лагерь «Жалын» на 200 мест (1,47 млрд. тенге).

Продолжается реализация таких крупных проектов в поселке Акши, как центральное водоснабжение, стоимость почти 2,5 млрд. тенге; канализации и очистных сооружений; начинается реконструкция системы энергоснабжения, в том числе и строительство ЛЭП. О важности своевременного решения этих вопросов говорил аким области Жетісу Бейбит Исабаев на встрече с общественностью района.

Завершен капитальный ремонт автотрассы Ушарал – Достык, протяженностью 184 километра; на три месяца раньше намеченного в 2022 году открыт аэропорт «Ушарал» после реконструкции ВПП. Авиаперевозки нынче также будут субсидированы. Привлекательными остаются железнодорожные пассажирские маршруты. И их количество растет год от года. Это фирменный поезд «Туран-экспресс», трижды в неделю следующий по маршруту Алматы – Жетиген – Достык, а также новые железнодорожные маршруты Нур-Султан – Нурлы жол – Достык, Нур-Султан – Достык и Алматы – Достык.

Президент Касым – Жомарт

Токаев говорит, что туризм, в том числе внутренний и экотуризм, имеют важное значение для Казахстана. Поэтому движущей силой экономики и рынка труда должно стать именно малое и среднее предпринимательство. Для этого нужно запустить комплекс полноценных мер поддержки МСБ, который должен в полной мере ощутить свою значимую роль в развитии страны. И алакольские бизнесмены, работающие в сфере туризма, готовы конкретными делами ответить на призыв Президента.

В. ВОРОБЬЕВ.



О бизнесе и первых шагах

Дисциплинированность и трудолюбие - качества, которые помогли герою нашего интервью к 22 годам стать владельцем кафе «Zhokhans». Нурсаметов Жалгас мог бы добиться успехов и в других сферах, но выбрал бизнес. Не в последнюю очередь из - за лучших материальных перспектив. В интервью нашему изданию Жалгас поделился секретами развития своего бизнеса, а также рассказал как накопленный опыт помогает ему развивать свое дело.

- Кем вы мечтали стать в детстве и какое образование получили?

- Звучит, наверное, неожиданно, но в детстве я хотел быть бизнесменом. Но мечтал работать не в сфере общественного питания, а хотел заниматься куплей-продажей. Определенно, мне это занятие уже тогда казалось прибыльным. Но, конечно, на данный момент я понимаю все нюансы этой работы - по крайней мере могу представить.

Я окончил после 9 класса агротехнический колледж и получил образование по специальности «Ветеринар».

- Расскажите о ваших первых шагах в бизнесе?

- Первые попытки начались в 2014 году в с. Акши по продаже семечек, чипсов, рыбы, которые я продавал отдыхающим, арендовал юрту, продавал пирожки. И так на летних каникулах два сезона подряд я работал до 25 августа. А в 2016 году я начал заниматься прокатом шезлонгов.

- Сегодня вы являетесь основателем кафе «Zhokhans». Расскажите, пожалуйста как появилась идея, с какими сложностями вы столкнулись?

- В том же 2016 году в кафе «Улытау» требовался сушист или суши-мастер. Поэтому руководство кафе отправило меня на стажировку в город Алматы. За 2 дня я научился там делать суши, роллы и приехал обратно чтобы продолжить работу.

В 2018 году я уехал в город набираться опыта, практиковаться в данной сфере. В мае 2020 года я приехал домой с небольшим первоначальным капиталом, и во время карантина постоянно чертил схемы, сосредоточенно

думал, составлял план для того, чтобы открыть свое дело. 15 июля 2020 года я арендовал одну комнату во времянке и начал работать по изготовлению и доставке суши. У меня была небольшая команда. Так мы проработали до поздней осени. Затем поняли, что просто доставки продукции недостаточно, необходимо место для отдыха клиентов, где они могли бы спокойно отведать суши, посидеть, поговорить. Поэтому в декабре месяце того же года

я открыл кафе «Zhokhans», в здании кафе «Астана», где мы и работаем по сегодняшний день.

Что касается сложностей, таких больших проблем в истории своего бизнеса я не припомню. Только во время карантина были небольшие сомнения по поводу того, стоит ли начинать свое дело в такой сложный момент, но я не остановился, продолжил работать и не пожалел.

- Чем ваше заведение привлекает клиентов?

- Это качество, постоянно свежая продукция, самое главное - все вкусно и доступно.

- Какими качествами на ваш взгляд должен обладать руководитель бизнеса?

- Общепит - это постоянное общение с клиентами, поэтому руководитель, определенно должен обладать развитыми коммуникативными навыками, уметь находить общий язык. Наиболее важными качествами является пунктуальность и ответственность. Чтобы добиться результатов, нужно нести ответственность и за своих работников, и за здоровье каждого клиента, который пользуется нашими услугами. Ну и конечно же решительность. Не нужно бояться, а наоборот нужно уметь работать над своими ошибками и стараться их не повторять.

- Как вы предпочитаете отдыхать? У вас есть хобби?

- Конкретного хобби нет, но я очень люблю отдых на природе, уединение, тишину и покой, прогулки на свежем воздухе, поездку в горы и многое другое.

- Ваши планы на ближайшее будущее?

- Если говорить о моих планах на ближайшее будущее, то могу сказать, что как и любой предприниматель я заранее планирую свои текущие дела. Поэтому, конечно же хотелось бы попробовать себя немного в другом направлении. Время покажет, надеюсь что все получится.

Жалгас Рысбекұлы! От лица редакции желаем вам процветания, благополучия, больших успехов и всего самого наилучшего.

Ш. ИМАНАСОВА.

Юбилей области Жетісу

Туристический Алаколь



вертолеты. В том числе среднемагистральные А-320, В-757, В-737, «Embraer-190». Модернизация наземной инфраструктуры аэропорта даст и уже дает мультипликативный эффект для развития туризма на озера Алаколь. В минувшем году здесь приняли и обслужили 1468,2 тыс. отдыхающих в основном по внутреннему туризму. Именно об этом гово-

рил Президент Касым – Жомарт Токаев: «Алаколь с его уникальными природно – климатическими условиями должен стать популярным местом отдыха для казахстанцев».

Открытие туристического сезона 2022 года совпало с образованием области Жетісу. В юбилейный год туристов приняли 11 новых домов отдыха с инве-



стициями в 3115,0 млн. тенге. В том числе и такой современный комплекс, как «MAGIK AQUA RESORT».

В 2023 году на побережье озера Алаколь планируется ввести в эксплуатацию 14 объектов туристической инфраструктуры на сумму – 3620,2,0 млн. тенге, будет создано 102 рабочих мест. Из них крупные: расширение зоны отдыха «Комфорт» на 360 мест, стоимость – 910,0 млн. тенге; зона отдыха «Апорт» на 350 мест, стоимость – 600,0 млн. тенге, детский оздоровительный

лагерь «Жалын» на 200 мест, стоимость – 1472,4 млн.тенге. Кстати, его открытие запланировано на ближайшие дни.

А 1 июля детей с особыми потребностями примет отремонтированная бывшая ре-

зиденция районного акимата, переданная КГУ «Центр дневного пребывания реабилитационное отделение «Жансая». За сезон в нем отдохнут 30 детей с родителями. Он, кстати, был открыт в августе 2022 года и является ровесником нашей области.

Таким вот неординарным и запоминающимся был год для алакольцев. И это только ряд интересных примеров и событий случившихся за этот сравнительно короткий период.

В. ВАСИН.

Летний отдых детей

Лагерь «Айголек» в горах Жетісу

Отзвенел последний звонок, закончились уроки, и началась самая интересная, яркая и полная впечатлений пора – лето! Лето - особенный период в жизни ребенка, широко открывающий дверь в мир природы, дающий ребенку большую возможность познания, новых открытий, созидания, общения. Лето – это долгожданные каникулы, а значит это лучший способ отдохнуть! Ведь от того, как ребенок отдохнет, какую психологическую разгрузку он получит, какие положительные эмоции приобретет, какой настрой получит на предстоящий год, зависит его дальнейшая успешность в школе, появление и реализация новых планов, замыслов.



Пожалуй, нет более счастливого времени для детей и взрослых, чем летние каникулы. Сделать отдых детей более занимательным, насыщенным, полезным для физического, духовного и экологического развития детей предусматривает программа пришкольного летнего лагеря .

Летний оздоровительный пришкольный лагерь - удобный для родителей способ отдыха детей. Ребенок не оторван от семьи, находится под присмо-

тром педагогов, занят интересными делами. Вот и в этом году, в стенах нашей школы открылся пришкольный лагерь « Айголек», где педагоги младших классов, с большой радостью ждут и встречают своих учеников, чтобы весело и интересно провести время отдыха.

Нам всегда очень хочется удивить и порадовать ребят, вовлечь в калейдоскоп различных событий. Каждый день планируется что - то новое и интересное – это, конечно же, различные игры, концерты, экскурсии в музеи и походы в горы.

Сколько песен спето о лете? Сколько сказок о нем сочинили? Никогда и нигде на свет Мы о нем позабыть не в силе! Лето - время чудес и открытий, Время солнца, улыбок, проказ. Школьный лагерь – одно из событий- Приготовило лето для нас!

С. ДЖАНБАЕВА,
село Лепсинск.

Летний отдых



Чтобы вода не стала бедой

Ориентировочно с 15 июня открывается купальный сезон на побережье озера Алаколь. А это значит, что прибавится работы и заботы у специалистов спасательного подразделения (СП) Алакольского региона, дислоцированного в поселке Акши.

В минувшем году в зоне отдыха «Алаколь», это поселки Акши и Коктума, говорит руководитель СП Марат Смагулов, поправили свое здоровье и получили заряд бодрости почти 1,5 миллиона казахстанцев. Могу с гордостью сказать, что благодаря заранее проведенной профилактической работе и четким действиям наших сотрудников за купальный сезон 2022 года на Алаколе не утонул ни один человек! Кроме того, нами было спасено 37 человек, в том числе 11 детей. Причем это были дети, оставшиеся без присмотра родителей и потерявшиеся на пляже. Поэтому убедительная просьба: не оставлять детей без присмотра!

Действительно, сейчас начало купального сезона. На пляжах, общей протяженностью 12 километров, спасатели уже ведут ежедневное патрулирование на моторных лодках. На СП имеется 12 комплектов водолазного сна-



ряжения, 7 моторных лодок, 2 резиновые лодки, 2 УАЗа, «НИВА» и «КамаЗ». Ну, а работают здесь настоящие профессионалы. Такие, как водолазы Олег Тютютерев и Абиш Мади.

Ради вашей безопасности, уважаемые отдыхающие, Алакольское спасательное подразделение, в количестве 13 человек, несет службу день и ночь. С каждым годом число отдыхающих на Алаколе увеличивается, поэтому с областной оперативно-спасательной службой в помощь специалистам СП, направлены 3 спасателя на на весь летний сезон. Также на базе

СП начнет работу отделение пожарной службы в количестве 2-х экипажей из пяти человек и 2-х пожарных машин.

Перед началом купального сезона спасателями установлено в опасных для купания местах 11 запрещающих знаков, 35 знаков о Правилах безопасности на воде. Проведены встречи с владельцами домов и баз отдыха; ежедневно ведется разъяснительная работа с отдыхающими, с одновременной раздачей памяток.

Активный отдых: купание, плавание, солнечные ванны

закаляют организм, придают бодрость, повышают работоспособность. Но нарушение Правил поведения на воде приводит к несчастным случаям. Их причина одна - неспособность в нужный момент правильно оценить сложившуюся ситуацию и правильно действовать в ней. Поэтому, независимо от вида водоёма, необходимо знать и обязательно соблюдать Правила безопасности на воде.

Помните, безопасность каждого из вас зависит только от вас!

В. ВОРОБЬЕВ.

